**«Адал Ұрпақ» рухани, моральдық және азаматтық-патриоттық тәрбие жағдайында**

**1. Жалпы ережелері**

Осы мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) тәрбиенің Концептуалдық негіздеріне, мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру Бағдарламасына сәйкес әзірленіп, жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс шараларын қамтыған тәрбие жұмысын жүргізу ретін анықтайды.

## 2.Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері

2.Осы Бағдарламаның мақсаты жоғары адамгершілікті, жауапты, талапты және әлеуметті білікті азамат пен патриот қалыптастырып дамыту.

3. Нұсқалған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер қойылады:
1) рухани-игіліктілік пен азаматтық- патриоттықты тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;
2) білім алушылардың мемлекеттік үкімет институттарына сенімін арттыру;
3) білім алушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
4) білім алушылардың жемқорлыққа қарсы сипаттыигілікті-әдептік құндылықтарын қалыатастыру.

4.Кешенді ісшараларды өткізу үшін келесі тәрбие түрлері пайдаланылады:
1) адамгершілік тәрбиесі моральдық-әдептілікті, әр оқушының жемқорлыққа шыдамсыздығын қалыптастыруға бағытталған;
2) әлеуметтік-құқықтық тәрбие азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың мәні туралы түсінік алуға, құқықтары мен міндеттеріне, құқықтық нормаларды сақтау қажеттігіне көз жеткізуге, жемқорлықтың қоғам үшін қауіптілігін түсінуіне бағытталған;
3) эстетикалық тәрбие мектеп оқушыларының эстетикалық ұнатынымы мен қоршаған болмысқа тілектестік және отан сүйгіштік қатынас қалыптастыруға жағдай жасайтын өнер туындыларының, әдебиеттің көркемдігін түсінушілігін дамытуға бағытталған.

## 3.Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

5. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру жалпы білім беретін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу ұйымдарында (бұдан әрі - жалпы білім беретін мектептер) жүзеге асырылады.

6. Тәрбие жұмысына басшылық жасау жалпы білім беретін мектептің басшылығы мен сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлерге жүктеледі.

7. Жалпы білім беретін мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға, оның ішінде мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыруға, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізіледі.

8. Жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатан «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары құрылады.

9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

1) жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының тиісті оқу жылына арналған кешенді жоспары;

2) сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкердің тәрбие жұмыс жоспары;

3) «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары

болып табылады.

10. Осы бағдарламаның 9-тармағында көрсетілген жоспарлар Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес қалыптастырылады (қоса тіркелген).

11. Жоспарларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстың, күнтізбелік іс-шаралар өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары көрсетілген.

12. Тәрбие жұмысын жүргізуде азаматтар, қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қатыса алады.

## 4. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары

13. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

14. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы дәрістерді, «дөңгелек үстелдерді» және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары мен іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады.

17. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы акциялар, флэш-мобтарды, диалог алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа да әлеуметтік-маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

«Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж.жалпы орта мектеп»КММ

**2022-2023 оқу жылына "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Балаллардың өзін-өзі басқаруының бірыңғай жиыны<br>1.Мектеп клубының жұмысын ұйымдастыру "Адал Ұрпақ»<br>2.2022-2023 оқу жылына жұмыс ережесі мен жоспарын бекіту | 5-10 сынып | 5-6 қыркүйек |
| 2 | «Парасатты азамат» мектеп бұрышын жасау<br>Көрнекілік құралдарын құрастыру (буклеттер, брошюралар, суреттер). | 5-10сынып | ай бойы |
| 3 | «Құқықбұзушылыққа төзбеу» акциясы | 5-10сынып | 12-13 қыркүйек |
| 4 | «Қоғамдық тәртіп негіздері» дисскуссиялық практикумы | 9 сынып | 19-20 қазан |
| 5 | Елдің таңдау құқығы принциптеріне сәйкес «Сынып басшысын таңдау» сюжеттік -рөлдік ойын | 2 сынып | 5 қазан |
| 6 | Елдің таңдау құқығы принциптеріне сәйкес «Сынып басшысын таңдау» сюжеттік -рөлдік ойын | 3 сынып | 6 қазан |
| 7 | «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» тақырыбында мемлекеттік қызмет | 5-8 сынып | 12-13 қазан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ардагерлерімен,мемлекеттік қызметшілермен кездесу | | |
| 8 | «Біздің таңдауымыз - құқықтық мемлекет» дөңгелек үстелі | 9-е сынып | 19-20 қазан |
| 9 | Оқушылар арасында «Адал және сатылмайтын еңбек үлгісі" сурет сайысы | 2-4сынып | 6-10 қараша |
| 10 | Оқушылар арасында «Адал және сатылмайтын еңбек үлгісі" сурет сайысы | 5-6 сынып | 13-17 қараша |
| 11 | «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері" зияткерлік ойыны | 7-8 сынып | 1 желтоқсан |
| 12 | «Мемлекеттік қызметті алу» іскерлік ойыны | 6-7 сынып | 13-14 желтоқсан |
| 13 | "Жемқорлық құқықбұзушылығының картасы" жобалар жарысының ережесін құрастыру | 7-10 сынып | 9-12 қаңтар |
| 14 | "Жемқорлық құқықбұзушылығының картасы" жобалар жарысы | 7-10 сынып | 19 қаңтар |
| 15 | «Парасатты азамат» бұрышын жаңарту | 7-10 сынып | 5-9 ақпан |
| 16 | «Қайырымдылық жаса» театрлық қойылымы. Ұят, адалдық, бірлік, мейірімділік, қайырымдылық, шынайылық, адалдық насихатталатын сценарий құрастыру. | 1-4 сынып | 16-17 ақпан |
| 17 | «Жемқорлық жол жоқ!» зияткерлік ойыны | 9- сынып | 2-3 наурыз |
| 18 | «Мемлекеттік қызмет - елдің мүддесіне адал еңбек» эссе жарысы | 5-8 сынып | 13-17 наурыз |
| 19 | «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» жалпы мектептік флешмоб | 5-8 сынып | 12 -13 сәуір |
| 20 | "Ашық және есеп беруге міндетті" бейнероликтер жарысы | 9 -10 сынып | 16-19 сәуір |
| 21 | «Адал Ұрпақ» мектеп клубының шығармашылық есебі | 1-10 сынып | 18 мамыр |

Дайындаған:Тәрбие ісі орынбасары Р.Абуов

« Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж.жалпы орта мектеп» КММ

**«Адал ұрпақ» бағдарламасы бойынша атқарылған іс-шаралар есебі**

**2022-2023оқу жылы**

**БРИФИНГТІҢ ӨТУ БАРЫСЫ:**

- Сәлеметсіздер құрметті көрермендер, әріптестер, ата-аналар! «Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж.жалпы білім беретін мектеп» КММ директоры **Атқарылған іс-шаралар туралы айтып өтті**
-
- Мектептің жоба сыйымдылығы – 150 оқушыға арналған, бүгінгі таңда 150 оқушы қазақ тілінде білім алуда. Білім іздеп келген әр бала, оның ата-анасы үшін біздің мектебіміздің есігі әрдайым ашық!
- Ұстаз болғаннан кейін біз балаларға, жасөспірімдерге білім мен тәрбие беріп қоймай, сонымен қатар **адалдық, шыншылдық, сенімділік** деген ұғымдарын түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отырамыз. Себебі, бұл біздің негізгі міндетіміз, мақсатымыз!
- Айтар болсақ, Елбасының **«100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарының 13-қадамында айтылған,** жемқорлыққа қарсы күресті күшейту міндеттерін іске асыруда, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен, Білім және ғылым министрлігі, Жергілікті әкімдіктердің қолдауымен 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабына сәйкес мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру **мақсатында «Адал ұрпақ» еріктілер клубы жобасы** жұмысын бастаған болатын.

**«АДАЛ ҰРПАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА:**

- **2021 жылдан бастап** осы жоба аясында мектебімізде **«Адал ұрпақ» еріктілер** ұйымы құрылған болатын.
- **Ұйымның қызметіне келетін болсақ, өзінің жеке жұмыс жоспары, мақсаты, міндеті және ұраны бар және сенім жәшігі, сенім телефоны жұмыс жасайды. Ал, жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін 7 және 11-сынып аралығанда жүргізуді жөн көрдік, әрине, сол жас ерекшеліктеріне қарай!**
- **Әр оқу жылының басында «Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспары,жауапты тұлғалар тағайындалып, ұжымға таныстырылады, сонымен қатар арнайы білім басқармасының хатына сәйкес әртүрлі қажеттіліктерге ақша жинамау туралы бұйрық шығарылып,**

мұғалімдер мен ата-аналар танысып, қол қойып , бұйрық фойеге ілінеді. Педагогикалық кеңес отырысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты және этика кодексі қаралып, бекітілді. Мектеп қызметкерлері мен жұмысшылары қызметтік әдеп кодексімен таныстырылды. Мектеп қаражатын жұмсау бойынша ата-аналар мен мектеп қызметшілер алдында әр тоқсан бойынша есеп беріліп, мектеп сайтына салынады.Ата-аналар жиналысында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында құқықтық сауаттылығын арттыру жиындар өткізілді. Әрбір оқу жылында жаңартылып отыратын «Парасатты азамат» бұрышы жасалып, жауапты адамдар жоспарға сай жұмыстар жүргізді. Қазіргі кезде, жалпы бұл ұйымда 100 бала мүшелік етеді. Бұл «Адал Ұрпақ» еріктілер клубының жетекшісі – тарих пәнінің мұғалімі- :Жүсіпбекова А, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – П.Исабекова қадағалайды. Мектеп регламент пен стандартты сақтай отырып қызмет көрсетеді және мектеп сайтына орналастырылып отырады. Ұйымның ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша мүдделер қақтығысы , жалпы қызметкерлер мен басшы арасында және оның орынбасарларымен үлестестік фактілер болған жоқ, ұжым тұрақты.

- Қазіргі таңда, осы «Адал ұрпақ» еріктілер ұйымының рөлі орасан зор! Себебі ол патриоттық клуб екенін де айтқым келеді. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері: мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Осындай міндеттерді негізге ала отырып, «Адал Ұрпақ» ұйымының әр оқу жылына жұмыс жоспары бекітіледі, сондай-ақ, оқушыларды клуб мүшелігіне қабылдау жұмыстары жүргізіледі. Еліміздің алдыңғы дамыған елдер қатарына енуіне, мемлекетімізді өркендетуде болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие бере отыра, оқушылардың биік жетістіктерге жететіндеріне сенімдіміз. Жұмыс жоспарына сай **«Адал ұрпақ» патриоттық клубы** мүшелерінің отырысы, сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, пікірталас практикумдары, елімізге танымал тұлғалармен кездесулер оқушылардың

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру бағытында өткізілуде. Сонымен қатар, 2022-2023 оқу жылында мектебімізде жемқорлыққа қарсы күрес

мәдениетін қалыптастыру бағдарламасының іске асырылуы бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

- Республикалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «**Адалдық сағаттарын» интерактивті түрде өту** туралы қаулысына сәйкес сынып сағаттар өткізілді. Бұл сынып сағатының **негізгі мақсаты:** оқушы бойында адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарына сәйкес қазан айының 2 жұлдызында «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының күн тәртібіндегі отырысы өтті. Қарастырылған мәселелер: мектеп ортасында жастарды рухани өнегелікке және азаматтық - отаншылдыққа тәрбиелеуге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Жиынға клуб мүшелері толықтай қатысты.

31.10.2022 жылы мектебіміздің "Адал ұрпақ" клубының мүшелерімен " Әділдік пен адалдық " тақырыбында конференция өткізілді. Мақсаты:оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру; олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру. Аталған іс-шараға мектеп инспекторы қатысып, ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл" заңы бойынша және коменданттық сағат туралы мәлімет берді. Клуб жетекшісі –Тарих пәнінің мұғалімі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары оқушылармен адалдық, ар-ождан, патриоттық тақырыптарында әңгімелесті.

Дебат клубының көшбасшылары «Мектепте академиялық адалдықты қалыптастыру керек» тақырыбында пікір-талас жүргізді.Бірінші топтағы балалар сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жоюға болады десе, екінші топ, бұл мәселені шешу үшін тың идеялар керекетігін дәлелдеп қызу талқыға салды.

Атап айтар болсам, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен « Адал ұрпақ» клубының мүшелерімен «Ар -намысты арқалаған рухты батыр - Бауыржан» тақырыбында адалдық сабағы өтті.

Әр оқу жылының тоқсаны бойынша мектеп басшысы ретінде ата-ана және мектеп ұжымы алдында есеп беру жиналыстарын өткіземін. Жиналыс барысында жыл бойына мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында, компьютер, моноблок тағы басқа техникамен қамтамасыз ету үшін,

«Адалдық – ардың ісі» атты таңғы кездесу сағаттары өткізілді. туралы бағыт беруге айқындалған. Олардың адамдар үшін адал өмір сүру,

адалдық пен шыншылдыққа, әділдікке бағдарлай отырып, әдептілік ережелерін қадағалауды үйретеді.

Мұқағали Мақатаевтың 91 жылдығына орай «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларымен адалдық сағаттары өткізілді.

7- сыныптармен «Біз адал нағыз патриоттардың ұрпағымыз» тақырыбында онлайн конференциясы өткізілді. Мақсаты: азаматтықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау «Enbek kz» порталы арқылы жүзеге асырылса, оқушылар Ұлттық білім беру деректер қорына (ҰББДҚ) енгізіледі.

Бауыржан Момышұлының «Алтынбасты болсаң да ардан артық емессің» деген нақыл сөзімен аяқтағым келіп отыр. Қоғамда парасаттылық идеологиясын қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады. Назарларыңызға рақмет!

# Адалдық сағаты




16 СЕНТЯБРЬ, 2022

Қазіргі біздің қоғамдағы  өзекті тақырыптардың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Сыбайлас жемқорлықты жүгендеуге қоғам болып ат салысуымз қажет.  Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда көптеген әр түрлі  шаралар ұйымдастырылып жүзеге асырылып жатыр. Елімізде сыбайластық жемқорлыққа қарсы күресу, алдын алу шаралары заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысты жоспарлы түрде қажеттілігіне көз жеткізілді. Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы " Адалдық сағаты" ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы Іс қимыл агенттігінің ""Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет" "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет" 5-11 сыныптар арасында тәрбие жұмыстары өтті. 5 сынып жетекшілері "Біздің таңдауымыз — жемқорлықсыз болашақ", "Қоғамның індеті — сыбайлас жемқорлық" атты тақырыпта, 6 сынып жетекшілері " Жемқорлық індет — жою бәрімізге міндет", " Жастар сыбайлас — жемқорлыққа қарсы!" атты тақырыпта , 7 сынып жетекшілері " Болашағың өз қолында", " Қоғамның індет — сыбайлас жемқорлық" атты тақырыпта, 8 сынып жетекшілері "Жемқорлық індет — жою бәрімізге міндет»"Адал ұрпақ -мәңгілік елдің кепілі" атты тақырыпта, 9 сынып жетекшілері "Сен неткен бақытты

едің келер ұрпақ", Адал еңбегің — сенің жемісің" атты тақырыпта, 10 сынып жетекшілері "Пайда көздеген жалғанның құлы" , "Арам мен адал, обал мен сауап — ұлтымыздың ұстанымы"атты тақырыпта, 11 сынып жетекшілері "Мемлекеттік қызмет — елдің мүддесіне адал еңбек" , " Адал ұрпақ -мәңгілік елдің кепілі" атты тақыпта адалдық сағаты өтті.

Адалдық сағатының мақсаты: адалдық, шыншылдық қасиеттерін қалыптастыру, мейірімділікке тәрбиелеу, ақылдылықты, қарапайым-кішіпейілділікті, инабаттылықты, шыншылдықты үйрету.

Бекітемін

Мектеп директоры

-----------

Қ.Дүйсенбеков

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебінде «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің хатына сәйкес «Адалдық сағаты» бірыңғай сағатын өткізу жоспары

| қ/с | Тақырыбы | Түрі | Уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Адалдық адамдықтың белгісі»тақырыбында зейнеткер ұстаз Б.Жарылқасыновпен кездесу | Тәрбие сағаты | 07.09 | 7 сыныптар О.Сейітова 8-сынып Г.Есдәулет |
| 2 | «Адалдық пен әділдік» тақырыбында кездесу. Ғ.Сандыбаева | Тәрбие сағаты | 08.09 | 7 сыныптар П.Исабекова 10-сынып Г.Ахметова |
| 3 | «Адалдық - ардың ісі» тақырыбында қамқоршылық кеңестің мүшесі Қ.Рысбековпен кездесу | Тәрбие сағаты | 09.09 | 5 сынып Б. Сұлтан 4 сынып Б.Мамбетов |
| 4 | «Адалдық асыл қасиет» тақырыбында қамқоршылық кеңестің төрағасы Б.Найзабековпен кездесу | Тәрбие сағаты | 09.09 | 6а- сынып А.Жүсіпбекова 6ә-сынып Ғ.Жарылқасынова |
| 5 | «Адалдық жолынан айнымайық» тақырыбында ата-аналар комитетінің төрайымы М.Толыбаевамен кездесу | Тәрбие сағаты | 09.09 | 9 сынып Н.Қалыбаев 11-сынып А.Есентаева |

Дайындаған ДТІЖО: Р.Абуов

Мәлімет

Ы.Алтынсарин  атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебінде 07-09 қыркүйек 2022 жылы «Адалдық сағаты» атты республикалық бірыңғай сынып сағаты 1-11 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері, педагогтар мен ата-аналар арасында ашық тәрбие сағаттары болып өтті. Барлық сыныптың мұғалімдері, ата-аналары, оқушылары белсенділік танытты.  Отбасылық дәстүр, туыстар арасындағы қарым-қатынас, және достар арасындағы қарым-қатынас жайында пікір алмасулар болды. Әрбір сыныпта болып өткен тәрбие сағатта барлық оқушылар, ата-ана, оқушылар жақсы тәрбиелік, мағыналық, рухани азықпен сусындады.

**«Адалдық сағаты»** өткізілгені туралы ақпарат.

| № | Аудан, мектеп атауы | Шара барысында қанша оқушы қамтылды | Лектор ретінде шақырылған тұлғалар | Бақ, әлеуметтік желілер сілтемелері |
|---|---|---|---|---|
| | Сауран ауданы, Ы.алтынсарин атындағы шжжом | 95 | 1.Б.Найзабеков<br>2..Қ.Рыбеков<br>3.Б.Жарылқасынов<br>4.Ғ.Сандыбаева<br>5.М.Толыбаева | |

Дайындаған: ДТІЖО: Р.Абуов



